



"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сот сараптамасын жүргізу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 22 мамыр N 679

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сот сараптамасын жүргізу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне
сот сараптамасын жүргізу мәселелері бойынша
толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12

қарашадағы Z970188_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 276-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат):

1) 1 0 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Сараптаманы жүргізу мынадай бір жолғы тәртіппен:

- 1) Қазақстан Республикасы сот сараптамасының органдарында жүргізілетін Заңда айқындалған сараптама түрлерінің тізбесінде көзделмеген сараптама тағайындалған;
- 2) осы Заңның 27-бабына сәйкес шет мемлекеттің азаматы сарапшы ретінде

т а р т ы л ғ а н ;

3) сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын тиісті

мамандықтары барлық сарапшылардың қарсылық білдіруін қанағаттандырған, не жалпы алғанда тиісті сот сараптамасы органдарын сараптама жүргізуден дәлелді түрде шеттеткен жағдайларда тапсырылуы мүмкін".

4-тармақтағы "Қазақстан Республикасының заңдарымен" деген сөздер "заңмен" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Азаматтық іс жүргізу

Қ990411_

Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат, N 10, 244-құжат):

91-бапта:

төртінші бөліктегі екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот сараптамасын жүргізу:

1) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне;

2) лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын адамдарға;

3) заң талаптарына сәйкес бір жолғы тәртіппен өзге де адамдарға тапсырылуы мүмкін".

алтыншы бөліктегі бірінші сөйлем алынып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206-І

Z970206_

Қылмыстық іс жүргізу Кодексіне (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1997 жыл, N 23, 335-бет; 1998 жыл, N 23, 416-бет; 2000 жыл, N 3-4, 66-бет, N 6, 141-бет; "Казахстанская правда" 20.03.2001 жыл, N 73):

1) 83-баптың 1-бөлігіндегі "Қазақстан Республикасы Заңдарымен" сөздері "осы кодекстің 243-бабының бірінші бөлігімен" сөздерімен ауыстырылсын;

2) 243-баптың 1-бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот сараптамасын жүргізу:

1) сот-сараптама органдарының қызметкерлеріне;

2) лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асырып жүрген

адамдарға;

3) заң талаптарына сәйкес бір жолғы тәртіппен өзге де адамдарға тапсырылуы мүмкін".

4. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 155-II

Қ010155_

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексі, ("Казахстанская правда", 2001 жылғы 13 ақпан, N 40-41; 2001 жылғы 14-ақпан, N 42-43; 2001 жылғы 15 ақпан N 44-45);

597-баптың 1-тармағындағы екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот сараптамасын жүргізу:

1) сот-сараптама органдарының қызметкерлеріне;

2) лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асырып жүрген адамдарға;

3) заң талаптарына сәйкес бір жолғы тәртіппен өзге де адамдарға тапсырылуы мүмкін".

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.